

АҚЖАЙЫҚ ЕТТИ-ЖҮНДІ КРОССБРЕДТІ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЖҮНІНІН НЕГІЗГІ ФИЗИКО-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Б. Б. Траисов, а.-ш. ғылымдарының докторы, профессор

А.К.Бозымова, а.-ш. ғылымдарының кандидаты

Г. Г. Галимова, А. Н. Испагулев, магистранттар

Жәнгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада ақжайық етти-жұнді кроссбредті қойларының жұнінің негізгі физико-техникалық құрылымы зерттелінді. Тәжірибелеге өндіргіш қошқарлар, саулықтар, 1-жылдық ерек және үргашы тоқтылар алынған. Жұннің физико-техникалық құрылымы; яғни жұннің жінішкелігі, жұн мықтұлығы, жұн шайыры зерттелінді.

Изучены физико-технические свойства шерсти баранов-производителей, овцематок, баранчиков, и ярок-годовиков ақжайской мясо-шерстной породы овец. Изучены такие показатели как тонина, крепость и жиропот шерсти.

The physical-technical properties of wool-producing sheep, ewes, rams and ewes, yearlings akzhaikskoy meat-wool breed of sheep. Studied variables such as thinness, strength and yolk of wool..

Тәжірибеде пайдаланылған жануарлардың жұн өнімділігі жұн қырқу процесі кезінде рунолардың салмағын өлшеу және жұнді Жәнгір хан атындағы БҚАТУ-нің зертханасында зерттеу арқылы анықталды.



1-Сурет – Ақжайық етти-жұнді кроссбредті қой жұні

Асыл тұқымды қойлардың жұн өнімділігін есептеу жүргізілді, рунолар таңдалып, лабораторияда зерттелінуге 10 бас өндіргіш қошқардан, 20 бас саулықтардан, 10 бас ерек тоқтылардан және 10 бас 1-жылдық үргашы тоқтылардан жұн үлгілері алынды. Тәжірибедегі атальық қойлардың жұні штапельдегі талшықтардың жінішкелігі және руно бойынша жақсы теңескені анықталды. Орташа квадраттық ауытқу өндірістік стандарттың бекіткен талабынан

ауытқымайды (9,45) және тенсіздік коэффициенті (30,8 %) жінішкелігі сәйкес кроссбредті жүн үшін берілген.

Қойлардың бүйіріндегі жүннің жінішкелігі мен жамбастың орта шамасындағы жүннің жінішкелігі арасындағы айырмашылық микроскопирование жасау кезінде бір сапа көрсеткішінен де аспады. Сорттау кезінде рунолар екі сорттан аспады. Тәжірибедегі қойлардың жүннің мықтылығы орташа шамамен 12,51-12,73 сН/текс-ке тең болды. Лас жүндегі жүн шайырының мөлшері 7,33 тең 7,61 %-ды құрады және жүн майынан айырмалан таза жүнде 9,53-тен 11,2 %-ды құрады. Жүн шайырының түсі крем және ашық крем түстес, қанағаттанарлық сапада.

Токтылардың жүннің мықтылығы жоғары. Зерттеу нәтижесі кроссбредті тоқтылардың жүннің мықтылығы 9,35 сН/текс шамасында екенін көрсетті.

Тоқыма өнеркәсіптері мықтылығы 8 сН/текстен кем болмайтын кроссбредті биязылау жүнді талап етеді. Тәжірибемізде жүннің мықтылығы бұл талаптан жоғары, осыған байланысты оны қанағаттанарлық деп айтуда болады.

Жүн жінішкелігі – оның құрылымының ең негізі болып табылады, яғни өндіріске қажетті шикізат тәріздес. Жүннің жінішкелігі деп талышқтың көлденен қимасының өлшемін айтады.

Тоқыма өнеркәсібі жүнді талышқының жінішкелігіне қарай бағалайды. Жүн талышқтары негұрлым жінішке болса, соғұрлым жоғары бағаланады. Талышқының жінішкелігіне қарай жүн әр түрлі мата тоқуға пайдаланылады.

Жүннің жінішкелігі жағынан әр түрлі болып келуі ең алдымен қойдың тұқымына және жеке ерекшеліктеріне байланысты. Қойдың жасы мен жынысы да әсер етеді. Саулықтың жүні жасы асқан сайын жінішкере түседі. Қошқардың жүні саулықтардың жүніне қарағанда жуандай келеді.

Өндіргіш қошқарлардың жүні орташа есеппен штапель бойынша 50-ші сапа немесе 31,6 мкм. деп сипатталады, саулықтар мен 1 жылдық тоқтылардың жүні 56 сапа, 27,4 және 28,5 мкм деп сиптталды (кесте-1).

1-Кесте – Тәжірибеде зерттелінген кроссбредті ұнамды тип қойларының жүн сапасының физико-техникалық құрылымы

Бақылау тоptары	n	Жүн жінішкелігі, мкм	Жүн мықтылығы, сН/текс	Жүн шайыры, %	
				таза жүн	лас жүн
Өндіргіш қошқарлар	10	31,6	12,51-12,73	9,53-11,2	7,33-7,61
Саулықтар	10	27,4	9,4-9,7		6,7
1-жылдық ерек тоқтылар	10	29,6	12,73		9,7
1-жылдық ұргашы тоқтылар	10	28,5	10,1-10,9		5,6

Жүргізілген зерттеудің көрсетуі бойынша, өндіргіш қошқарларда жүннің жінішкелігі жоғары. Саулықтардың жүні жінішкелігі бойынша зерттелген үлгілерде аралық орынды алды.

Кестеде жүннің жінішкелігі бойынша ұргашы тоқтылар, жүннің мықтылығы бойынша өндіргіш қошқарлар, соның ішінде таза жүнде, яғни майынан ажыратылмаған жүн жоғары көрсеткіш берді.

Яғни, жүргізілген зерттеу ұнамды типке жататын қойлардың барлық орта жастағы тоptарының жалпы жүннінің жінішкелігі штапель бойынша жақсы теңескенін көрсетті.

Үзілүі бойынша жүннің мықтылығы – жүннің ең маңызды физикалық құрылымының бірі, яғни ол өндірістік ұсынылуда анықталатын жүн талышқының технологиялық сапасын сипаттайты. Жүннің мықтылығы – әр түрлі жағдайларда жүннің үзілуймен түсіндіріледі. Жүннің мықтылығы деп жүн талышқын салмақ түсіріп созғанда көрсететін төзімділік дәрежесін айтады. Мықтылық абсолютті және салыстырмалы болып екіге бөлінеді. Абсолюттік мықтылық граммен (жүн талышқының салмаққа үзілүі), ал салыстырмалы мықтылық

Ғылым және білім №2 (19), 2010

талшықтың жінішкелігін еске ала отырып, килограммен (жұн талшығының көлденен қызындысының бір өлшеміне) есептеледі. Жұн мықтылығы арнаулы аспаптармен, яғни әр түрлі диномометрлермен лабораторияларда және қолмен тексеріп айырады.

Біздін зерттеулерімізде өндіргіш қошқарлардың жүннің мықтылығы штапель бойынша оташа есеппен 12,51-12,73 сН/текс, саулықтарда 9,4-9,7 сН/текс және бір жылдық ұрғашы тоқтыларда 10,1-10,9 сН/текс. Егер жүннің мықтылығын аймақ бойынша қарасақ, ол өндіргіш қошқарларда төмендегідей болып келеді: жоғарғы бөлтігі – 11,4 сН/текс, ортасы – 12,5 сН/текс және негізі 9,8 сН/текс, саулықтарда соған сәйкес 9,5; 0,5 және 8,5 сН/текс, бір жылдық ұрғашы тоқтыларда – 10,7; 11,0 және 3,6 сН/текс. Жұн мықтылығының вариациалық коэффициенті орташа штапель бойынша толық теңдікті көрсетеді және топ бойынша 11,7-12,8 % шамасында ауытқып отырды.

Жүндегі май құрамы. Жүннің майы терімен бірге араласып, шайырды құрайды, ол жүнді жуып, әр түрлі сыртқы орта әсерінен қорғайды. Жүннің ластануын жабағының екі топографиялық бөлімдері: бүйір және арқасы арқылы анықтайды, сонымен қатар жуылған және жуылмаған жүннің айырмашылықтары және жалпы ластану аймағының қосындысы арқылы анықтауға болады. Біз жүні лас май шайырынан тазартылмаған ұнамды типке жататын саулықтардың жүннің зерттедік. Майлылықтың көп пайызы мөлшері өндіргіш қошқарлардағы майсыздандырылған лас жүннің таза салмағында – 7,33-7,61 % және майсыздандырылған таза жүнде 9,53 тең 11,2 % бар екендігі байкалды. Ерекек тоқтыларда – 9,7 %. Шайыр крем және ашық крем түстес, қанағаттанарлық сапада. Ал саулықтарда бұл көрсеткіштер 6,7 % және бір жастағы ұрғашы тоқтыларда 5,6%. Зерттелінген үлгілердегі жұн майының құрамы қанағаттанарлық деп айтуда болады.